



## **«ARLAN WAGONS» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ «ARLAN WAGONS» ЖШС**

**1 000 000 000 (бір миллиард) теңгелік сомаға**

### **ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛМЕГЕН ИНДЕКСТЕЛГЕН КУПОНДЫҚ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫНЫҢ ЕКІНШІ ШЫҒАРЫЛЫМ ПРОСПЕКТИСІ**

"Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығаруды (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығаруды) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсыныстарды беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген бүкіл ақпарат дәйекті және эмитент пен оның орналастырылатын облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Акционерлік қоғам болып табылатын эмитент Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар туралы ақпараттың, акционерлік қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің және аудиторлық есептердің, акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары тізімдерінің, сондай-ақ жылдық қорытындысы бойынша атқарушы орган мүшелеріне сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпараттың Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 болып тіркелген "Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысымен белгіленген тәртіппен және мерзімде орналастырылуын қамтамасыз етеді.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 102-бабының 2-тармағындағы өзгерістерді эмитент бағалы қағаздарды ұстаушыларға Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру және олар туындаған кезден бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 болып тіркелген "Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысында белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат жариялау арқылы назарына жеткізеді."

**Алматы қ., 2018 жыл**

## 1-тарау. Эмитент туралы жалпы мәліметтер

1. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес эмитенттің атауы:

1) Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні.

- Серіктестікті мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2016 ж. 04 сәуірде берілді;
- Серіктестікті мемлекеттік қайта тіркеуді жүзеге асырған органның атауы: Алматы қаласы Әділет департаментінің Алмалы ауданы Әділет басқармасы;
- Эмитенттің бастапқы мемлекеттік тіркелген күні: 2006 ж. 18 қазан.

2) Эмитенттің толық және қысқаша атауы (егер эмитенттің жарғысында оның шет тіліндегі толық және қысқаша атауы көзделсе, онда осындай атауы қосымша көрсетіледі).

	Толық атауы	Қысқартылған атауы
Мемлекеттік тілде	«ARLAN WAGONS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«ARLAN WAGONS» ЖШС
Орыс тілінде	Товарищество с ограниченной ответственностью «ARLAN WAGONS»	ТОО «ARLAN WAGONS»

3) Эмитенттің атауы өзгерген жағдайда оның барлық бұрынғы толық және қысқаша атаулары, сондай-ақ олардың өзгертілген күндері көрсетіледі.

Эмитенттің алдыңғы толық және қысқартылған атаулары:

	Толық атауы	Қысқартылған атауы
Мемлекеттік тілде	«AstanaFraht KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	«AstanaFraht KZ» ЖШС
Орыс тілінде	Товарищество с ограниченной ответственностью «AstanaFraht KZ»	ТОО «AstanaFraht KZ»

Атауының өзгертілген күні – 2009 жылғы 27 мамыр

4) Егер эмитент заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылған болса, онда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаларға және (немесе) эмитентке қатысты құқық мирасқорлығы туралы мәліметтер көрсетіледі.

- 2018 жылғы 31 қаңтардағы жағдай бойынша «ARLAN WAGONS» ЖШС заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде құрылған жоқ.

5) Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері болған жағдайда, заңды тұлға филиалдарының (өкілдіктерінің) есепті тіркелуі туралы анықтамаға сәйкес олардың атаулары, тіркелген күндері, орналасқан жерлері және эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің почта мекенжайлары көрсетіледі.

- 2018 жылғы 31 қаңтардағы жағдай бойынша «ARLAN WAGONS» ЖШС-тің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

2. Егер эмитенттің нақты мекенжайы Ұлттық бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің тізіліміне енгізілген мекенжайдан ерекшеленген жағдайда, эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірін,

байланыс телефондарының, факстың нөмірлерін және электрондық почта мекенжайын, сондай-ақ нақты мекенжайын көрсете отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес эмитенттің орналасқан жері.

<b>Орналасқан жері</b>	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Алмалы ауданы, Наурызбай Батыр көшесі, 17 үй, 105 офис, почталық индексі 050016
<b>БСН</b>	061040000330
<b>Байланыс телефондары мен факс нөмірлері</b>	тел: +7 727 244 64 25 факс: +7 727 356 05 18
<b>Электронды почтасының мекенжайы</b>	arlan.wagons@mail.ru
<b>Веб-сайт</b>	www.arlanwagons.kz

3. 2018 жылғы 31 қаңтардағы жағдай бойынша «ARLAN WAGONS» ЖШС-тің қаржы агенттігі мәртебесі жоқ.

4. 2018 жылғы 31 қаңтардағы жағдай бойынша «ARLAN WAGONS» ЖШС-тің халықаралық рейтингтік агенттіктер және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктері акционерлік қоғамға немесе ол шығарған бағаздарға рейтингтері жоқ.

## **2-тарау. Эмитенттің ірі акционерлері немесе ірі қатысушылары, эмитенттің органдары, сондай-ақ эмитенттің үлестес тұлғалары**

5. 2018 жылғы 31 қаңтардағы жағдай бойынша әрқайсысы туралы мынадай мәліметтерді көрсете отырып, эмитенттің ірі акционерлері (акционерлік қоғам болып табылатын эмитент үшін) немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің 10 (он) немесе одан астам пайызына ие эмитенттің қатысушылары (бұдан әрі – ірі қатысушы):

№	Ірі акционердің немесе ірі қатысушының тегі, аты әкесінің аты (бар болса) (жеке тұлға үшін); Ірі акционердің немесе ірі қатысушының толық атауы, орналасқан жері (заңды тұлға үшін).	Ірі акционерге немесе ірі қатысушыға тиесілі дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы	Ірі акционер немесе ірі қатысушы дауыс беруші акциялардың немесе эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің 10 (он) және одан астам пайызына ие бола бастаған күні
1.	«Компания «Амфора» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Орналасқан жері: 050016, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Наурызбай Батыр көшесі, 17 үй, 06 офис	100%	2016 жылғы 25 наурыз

6. Эмитенттің органдары.

**1) 2018 жылғы 31 қаңтардағы жағдай бойынша эмитенттің директорлар кеңесі:**

- Эмитент жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып табылады және Серіктестік Жарғысында Директорлар кеңесінің органы көзделмеген.

**2) Эмитенттің жеке-дара атқарушы органы:**

Эмитенттің жеке-дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке өзі жүзеге асыратын тұлғаның хронологиялық тәртіппен соңғы 3 (үш) жылдағы және қазіргі уақыттағы лауазымдары (өкілеттіктерін және олардың лауазымдарына кірісу күнін көрсете отырып), оның ішінде осы тұлғаның қоса атқарып отырған қазіргі лауазымдары	Эмитенттің атқарушы органының функцияларын жеке өзі жүзеге асыратын тұлғаға тиесілі жарғылық капиталға қатысу үлестерінің эмитенттің жарғылық капиталына қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық арақатынасы
Дмитрий Сергеевич Анчуткин	<p>2015 жылғы 01 қазаннан бастап осы уақытқа дейін «ARLAN WAGONS» ЖШС директоры – Серіктестік қызметіне ағымдық басшылық етеді;</p> <p>2015 жылғы 01 маусымнан – 2015 жылғы 30 қыркүйекке дейін «ARLAN WAGONS» ЖШС коммерциялық директоры – компанияны стратегиялық деңгейде басқару, клиенттермен және инвесторлармен жұмыс, борыштық қаржыландыруды тарту мен оңтайландыру, корпоративтік стратегияны әзірлеуге және іске асыруға қатысу;</p> <p>2010 жылғы 01 науздан – 2015 жылғы 29 мамырға дейін «Арлан Транс» ЖШС қаржы директоры – бюджетті қалыптастыру және бақылау, өтімділікті және жұмыс капиталын басқару, инвесторлармен жұмыс, борыштық қаржыландыруды тарту мен оңтайландыру, дебиторлық және кредиторлық берешекті басқару</p>	жоқ

**7. 2018 жылғы 31 қаңтардағы жағдай бойынша эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген жоқ.**

**8. 2018 жылғы 31 қаңтардағы жағдай бойынша эмитент өнеркәсіптік банктік, қаржы топтарына, холдингтеріне, концерндеріне, қауымдастықтарына, консорциумдарына қатыспайды.**

**9. Осы қосымшаның 5, 6 және 7-тармақтарында көрсетілмеген, бірақ Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер туралы заңнамасына сәйкес эмитенттің үлестес тұлғалары болып табылатын эмитенттің үлестес тұлғалары:**

Жеке тұлғалар

№	Тегі аты әкесінің аты (бар болса)	Туған жылы	Үлестестігін тану үшін негіздемелер	Үлестестігі басталған күні
1	2	3	4	5
1	Жанар Каировна Нуртаева	1975 жылғы 24 қыркүйек	"Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1 бабы 2- тармағының 2-тармақшасы	2016 жылғы 04 сәуір
2	Орал Нуртаева	1947 жылғы 15 мамыр	"Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1 бабы 2- тармағының 2-тармақшасы	2016 жылғы 04 сәуір
3	Аманжол Шалекенович Нуртаев	1946 жылғы 26 тамыз	"Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1 бабы 2- тармағының 2-тармақшасы	2016 жылғы 04 сәуір
4	Сауле Аманжоловна Нуртаева	1971 жылғы 03 қаңтар	"Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1 бабы 2- тармағының 2-тармақшасы	2016 жылғы 04 сәуір
5	Абзал Аманжолович Нуртаев	1972 жылғы 15 мамыр	"Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1 бабы 2- тармағының 2-тармақшасы	2016 жылғы 04 сәуір
6	Жанар Каировна Нуртаева, өз тегі Комбарова	1975 жылғы 24 қыркүйек	"Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1 бабы 2- тармағының 2-тармақшасы	2016 жылғы 04 сәуір
7	Алтын Аскаровна Нуртаева	1997 жылғы 14 желтоқсан	"Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1 бабы 2- тармағының 2-тармақшасы	2016 жылғы 04 сәуір

8	Асылбек Аскарлович Нуртаев	2002 жылғы 23 қаңтар	"Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1 бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	2016 жылғы 04 сәуір
9	Алия Аскарловна Нуртаева	2007 жылғы 03 тамыз	"Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1 бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	2016 жылғы 04 сәуір
10	Каир Комбарович Комбаров	1954 жылғы 30 шілде	"Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1 бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	2016 жылғы 04 сәуір
11	Бауржан Каирович Комбаров	1978 жылғы 09 шілде	"Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1 бабы 2-тармағының 2-тармақшасы	2016 жылғы 04 сәуір
12	Тамиля Максотовна Анчуткина	1990 жылғы 26 ақпан	"Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1 бабы 2-тармақшасы	2016 жылғы 03 қазан
13	Галина Юрьевна Важева	1956 жылғы 24 қырыс	"Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1 бабы 2-тармақшасы	2016 жылғы 03 қазан
14	Сергей Евгеньевич Анчуткин	1956 жылғы 12 шілде	"Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1 бабы 2-тармақшасы	2016 жылғы 03 қазан
15	Гульхан Жангабыловна Искакова	1967 жылғы 27 сәуір	"Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1 бабы 2-тармақшасы	2016 жылғы 03 қазан

16	Айлина Дмитриевна Анчуткина	2014 жылғы 22 сәуір	"Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1 бабы 2-тармақшасы	2014 жылғы 22 сәуір
17	Тимур Дмитриевич Анчуткин	2016 жылғы 26 қазан	"Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-1 бабы 2-тармақшасы	2016 жылғы 26 қазан

**10. 2018 жылғы 31 қаңтардағы жағдай бойынша эмитенттің заңды тұлға болып табылатын үлестес тұлғасы жоқ, эмитент аталған заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы акцияларының 10 (он) немесе одан да көп пайызына ие.**

**11. 2018 жылғы 31 қаңтардағы жағдай бойынша эмитент арнайы қаржы ұйымы болып табылмайды.**

### **3-тарау. Эмитент қызметінің түрлері**

**12. Эмитент қызметінің түрлері:**

**1) қызметтің маусымдық сипаты бар түрлерін және олардың эмитенттің жалпы кірісіндегі үлесін көрсете отырып, эмитенттің қызметі түрлерінің қысқаша сипаттамасы;**

Жарғыға сәйкес, Эмитент келесі қызметтүрлерін жүзеге асырады:

- Құрылыстарды немесе жеке үй-жайларды, сондай-ақ темір жол қозғалмалы құрамын жалға алу, жалға беру және қосалқы жалға алу;
- активтерді басқару;
- инвестициялық қызмет;
- сауда-сатып алу қызмет;
- сауда және сауда-делдалдық қызмет;
- коммерциялық қызмет;
- көтерме, бөлшек және комиссиялық сауданы ұйымдастыру;
- жылжымайтын мүлік нарығындағы риэлтерлік қызметтер, консультациялық қызметтер;
- жылжымайтын мүлікті сатып алу мен сату;
- жылжымалы және жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар;
- консалтингтік қызметтер;
- қонақ үй бизнесі;
- халыққа, кәсіпорындарға, ұйымдарға көрсетілетін әртүрлі сервистік және тұрмыстық қызметтерді ұйымдастыру;
- әртүрлі оқыту курстарын, семинарларды ұйымдастыру мен өткізу;
- импорт, экспорт;
- делдалдық қызмет;
- сыртқы экономикалық қызмет;
- құрылыс, жөндеу-құрылыс, монтаждау, қалпына келтіру, іске қосу-жөндеу, әрлеу жұмыстарын жүзеге асыру;
- тұрғын үй-азаматтық және өнеркәсіп мақсатындағы нысандарды салу, жөндеу және пайдалану;
- экспедиторлық қызметтер;
- жүк тасымалдау;



- автокөлік құралдарын жалға алу және қызмет көрсету;
- автокөлік қызметтері, автосервис ұйымдастыру, автосалондар, автотұрақтар, автожуу, ТЖО ашу;
- автокөліктерді жеткізу мен пайдаға асыру;
- жобалау қызметтері;
- дизайнерлік қызметтер;
- инвестициялық қызмет;
- жарнама қызметтері;
- полиграфия;
- сыртқы жарнама;
- жарнамалық роликтер өндіру;
- продюсерлік қызмет;
- кино, бейне, аудио және телеөнім өндіру және пайдаға асыру;
- әртүрлі бағыттағы конкурстар өткізу;
- техника, сыртқы және офистік жабдық сатып алу және пайдаға асыру;
- баспа қызметі;
- қоғамдық тамақтану бекеттерін ұйымдастыру (шағын-наубайхана, дүкендер, мейрамханалар, жазғы кафе, аспаздық, бар, кәуапхана, дәмханалар және т.б.);
- алкогольді, алкогольсіз сусындарды өндіру, пайдаға асыру;
- қызмет түрлерін көрсету, соның ішінде: ғылыми-зерттеу, жобалық, конструкторлық, іздестіру, аударма, өкілдік, есептегіш, анықтама-ақпараттық, маклерлік, басқарушылық, комиссиялық, безендіру, ұйымдастыру;
- сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлері.

Серіктестік қызметінің маусымдық сипаты жоқ.

## 2) Эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер;

№	Бәсекелес компанияның атауы	Қызмет түрі
1	«Ирбис-1» ЖШС	Көлік-экспедиторлық қызметтер және темір жол арқылы жүк тасымалы (хопперлер-цемент тасығыштар)
2	«Исткомтранс» ЖШС	Көлік-экспедиторлық қызметтер және темір жол арқылы жүк тасымалы (хопперлер-цемент тасығыштар, цистерндер, жарты вагондар)
3	"Шынғар Транс" ЖШС	Темір жол арқылы жүк тасымалы (темір жол арқылы жүк тасымалы)
4	«ОЛЖА» АҚ	Көлік-экспедиторлық қызмет (хопперлер-цемент тасығыштар, жарты вагондар)
5	"GE LOGISTICS" ЖШС	Көлік-экспедиторлық қызмет (жарты вагондар)
6	"Премиум оил транс" ЖШС	Темір жол арқылы жүк тасымалы (цистерндер)
7	«Көлік қызметтері орталығы» АҚ	Темір жол арқылы жүк тасымалы (цистерндер)

Бұл ақпарат және статистикалық деректер ашық дереккөздердегі әртүрлі деректер себебінен аз-кем толық немесе шынайы болуы мүмкін. Ресми және көпшілікке қолжетімді ақпараты бар толық немесе шынайы мәселелер болғандықтан, Қазақстан Республикасындағы мұндай түрдегі деректерге қатысты мәселелерді кез келген талқылау белгісіздік мәні болып табылады.

## 3) Эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатулардың (жұмыстардың, қызметтердің) кірістілігіне оң және теріс ықпал ететін факторлар;



Жағымды факторлар:

- ЕАЭО бірігу;
- Қазақстанның ілгері макроэкономикалық дамуы;
- Қытайда, Үндістанда, Оңтүстік Шығыс Азияда дамудың жоғары қарқыны;
- Қазақстанның ЖІӨ өсуі;
- Адал инфляция;
- Халықтың әл-ауқатының артуы;
- Шағын және орта бизнесті қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламалар;
- Энергия ресурстарын тұтынудың өсуі;
- Темір жол саласын субсидиялау және мемлекеттің қолдауы;
- Жүк тасымалы қызметтеріне мемлекеттік және ірі жеке тендерлердің жариялануы;
- Салық жеңілдіктерін енгізу;
- Темір жол нарығы қызметтерін негізгі жеткізушінің тарифтері мөлшерлемесінің төмендеуі;
- Білікті қызметкерлер;
- Серіктестік қызметінің ашықтығы және клиенттермен сенім, сыйлау, ашықтық ұстанымдарында қатынастар орнату;
- Көрсетілетін қызметтердің жоғары сапасына бағдар жасау.

Кері факторлар:

- Әлем экономикасының және Қазақстан экономикасының төмендеуі;
- Заңнамада Серіктестік мүддесін қозғайтын ықтимал өзгерістер;
- Теңге бағамының АҚШ долларына және Ресей рубліне әлсіреуі;
- Шикізат тауарлары мен материалдар бағаларының төмендеуі;
- Қазақстан Республикасындағы құрылыс пен өндіріс көлемдерінің төмендеуі;
- Көлік саласындағы технологиялық өзгерістер;
- Әкімшілік тосқауылдар;
- Осыған ұқсас қызметтер көрсететін, нарықтың ірі қатысушылары тарапынан бәсекеге қабілетті басқыншы саясаты.
- Басқаруға қабылданған активтердің едәуір қысқаруы;
- Серіктестіктің қаржылық көрсеткіштерінің нашарлауы;
- Реттегіш органның заңнамалық өзгерістері;
- Еңсерілмейтін күш жағдайлары;
- Сот талап арыздары;
- Салықтың артуы.

**4) Эмитенттің лицензиялары (патенттері) және олардың қолданылу кезені, зерттеулер мен әзірлемелерге, оның ішінде эмитент демеушілік көрсететін зерттеу әзірлемелеріне кеткен шығындар туралы ақпарат;**

- 2018 жылғы 31 қаңтардағы жағдай бойынша эмитенттің лицензиясы жоқ.

**5) эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттардағы (жұмыстардағы, қызметтердегі) импорттың үлесі және эмитент экспортқа сататын (көрсететін) өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) сатылатын өнімнің (көрсетілетін жұмыстардың, қызметтердің) жалпы көлеміндегі үлесі;**

- 2018 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша импорт үлесі 0%.
- 2018 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша экспорт үлесі 0%.

**6) оның қатысуымен өткен сот процестерінің мәнін көрсете отырып, эмитент қызметінің тоқтатылу немесе өзгеру, одан ақшалай және өзге міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне эмитенттің қатысуы туралы мәліметтер;**

- 2018 жылғы 31 қаңтардағы жағдай бойынша Қоғам Эмитент қызметінің тоқтатылу немесе өзгертілу, одан ақша және өзге де міндеттемелерді өндіріп алу қаупіне байланысты сот процестеріне қатыспайды және қатысқан жоқ.

#### 7) Эмитенттің қызметіне ықпал ететін басқа тәуекел факторлары.

➤ 2018 жылғы 31 қаңтардағы жағдай бойынша жоқ.

#### 13. Эмитент өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 5 (бес) және одан астам пайызын құрайтын көлемде эмитенттің тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) тұтынушылар мен жеткізушілер туралы мәліметтер.

2018 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша Эмитентте Серіктестік жеткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы құнынан 5 (бес) және одан көп пайызын құрайтын көлемде тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) келесі жеткізушілері болды.

№	Жеткізуші	Көрсетілген қызметтер	Орналасқан жері	Үлесі
1	«Арлан Транс» ЖШС	Темір жол қозғалмалы құрамын жалға беру және жөндеу	Алматы қ., Қонаев көш. 21Б үй, 77 офис Қазақстан Республикасы	64,12%
2	«Сатори» ЖШС	Тұрғын емес үй-жайды жалға алу	Алматы қ., Наурызбай батыр көш, 17 үй Қазақстан Республикасы	35,88%

2018 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша көрсетілетін қызметтердің негізгі тұтынушысы «UnionTransLogistic» ЖШС, оның үлесіне іске асырылған қызметтердің жалпы түсімінен 100% келеді.

№	Тұтынушы	Көрсетілген қызметтер	Орналасқан жері	Үлесі
1	«UnionTransLogistic» ЖШС	Темір жол қозғалмалы жүк құрамын жалға ұсыну	Алматы қ., Қонаев көш. 21Б, 77 офис, Қазақстан Республикасы	100%

#### 4-тарау. Эмитенттің қаржылық жай-күйі

#### 14. Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып, эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің активтері.

(мың теңге)

№	Баптың атауы	2018 жылғы 01 қаңтарға аудиттелмеген деректер	Үлесі
1	Негізгі құралдар	1 262 789	86.1%

Соның ішінде:

№ п/п	Баптың атауы	2018 жылғы 01 қаңтарға аудиттелмеген, мың теңге	Үлесі
-------	--------------	---	-------

1	Вагон-хоппер үлгі "19-969" (16 дана)	147 911	11,71
2	Вагон-хоппер үлгі "19-969", ТУУ 35.2-00210890-019:2008 (73 дана)	606 809	48,05
3	Вагон-цистерн үлгі "15-1547-03" (28 дана)	185 073	14,66
4	Вагон-цистерна үлгі "15-1566-06" (6 дана)	46 328	3,67
5	Жарты вагондар үлгі 12-1704-04 (30 дана)	188 430	14,92
6	Хоппер-цемент тасығыштар үлгі 19-969 (10 дана)	88 238	6,99
	Барлығы	1 262 789	100

**15. Эмитент активтерінің баланстық құнының 5 (бес) және одан астам пайызы мөлшердегі дебиторлық берешек.**

- 2018 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша жоқ.

**16. 2018 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша Эмитент міндеттемелерінің қамтамасыз етілуі болып табылатын эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің активтері:**

- 2018 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша жоқ.

**17. Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан астам пайызын құрайтын, сенімгерлік басқаруға берілген эмитенттің активтері:**

- 2018 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша жоқ.

**18. 2018 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 5 (бес) және одан астам пайызын құрайтын эмитенттің кредиторлық берешегі:**

**Кредиторлық берешектің жалпы сомасы:**

(мың теңге)

*аудиттелмеген деректер*

Эмитент кредиторларының атауы	Сомасы	Өтеу мерзімі
<b>Кредиторлық берешек</b>		
«Қазақстан Иджара Компаниясы» АҚ	321 104	2020 ж. сәуір
Есептелген купондардың берешегі	36 692	2018 ж. қаңтар
Басқа кредиторлық берешек	451	2018 ж. ақпан
<b>Барлығы</b>	<b>358 247</b>	

**Соның ішінде, жақын 12 (он екі) ай ішінде өтелу сомасы шамамен:**

(мың теңге)

*аудиттелмеген деректер*

Эмитент кредиторларының атауы	Жақын 12 (он екі) ай ішінде өтелу сомасы
-------------------------------	--

	2018 ж. I тоқсан	2018 ж. II тоқсан	2018 ж. III тоқсан	2018 ж. IV тоқсан
«Қазақстан Иджара Компаниясы» АҚ	34 402	34 402	34 402	34 402
Есептелген купондардың берешегі	36 692			
Басқа кредиторлық берешек	451			
<b>Барлығы</b>	<b>71 545</b>	<b>34 402</b>	<b>34 402</b>	<b>34 402</b>

Өтеу күндері көрсетілген, жылдарға бөлінген өтелу сомасы:

(мың теңге)  
аудиттелмеген деректер

Эмитент кредиторларының атауы	Жылдарға бөлінген өтелу сомасы		
	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.
«Қазақстан Иджара Компаниясы» АҚ	137 608	137 608	45 888

19. Эмитент левереджінің шамасы.

Левередж коэффициенті		
2018 жылғы 01 қаңтарға аудиттелмеген деректер	2017 жылғы 01 қаңтарға	2016 жылғы 01 қаңтарға
2.03	3.98	1.92

20. Аудиторлық есеппен расталған оның қаржылық есептілігіне сәйкес соңғы аяқталған қаржы жылында эмитент қызметінен алынған ақша қаражатының таза легі көрсетіледі.

(мың теңге)  
аудиттелмеген деректер

	2018 жылғы 01 қаңтар
<b>Операциялық қызметтен келіп түсетін ақша қаражатының қозғалысы</b>	
Ақша қаражатының келіп түсуі, барлығы	<b>329 773</b>
соның ішінде:	
қызмет ұсыну	308 000
басқа да түсімдер	21 773
Ақша қаражатының шығуы, барлығы	<b>262 091</b>
соның ішінде:	
жеткізушілерге тауарлар мен көрсетілетін қызметтер төлемі	161 289
жалақы төлемдері	12 052
қарыз бойынша сыйақы төлемі	62 204
төленетін басқа да төлемдер	3 463
басқа да төлемдер	23 083
<b>Операциялық қызметтен келіп түсетін ақша қаражатының таза сомасы</b>	<b>67 682</b>

<b>Инвестициялық қызметтен келіп түсетін ақша қаражатының қозғалысы</b>		
Ақша қаражатының келіп түсуі, барлығы		<b>0</b>
соның ішінде:		
негізгі құралдарды пайдаға асыру		
материалдық емес активтерді пайдаға асыру		
ұзақ мерзімді басқа да активтерді пайдаға асыру		
қаржы активтерін пайдаға асыру		
басқа ұйымдарға ұсынылған қарызды өтеу		
фьючерстік және форвардты келісімшарттар, опциондар және своптар		
басқа да түсімдер		
Ақша қаражатының шығуы, барлығы		<b>0</b>
соның ішінде:		
негізгі құралдарды сатып алу		
материалдық емес активтерді сатып алу		
ұзақ мерзімді басқа да активтерді сатып алу		
қаржы активтерін сатып алу		
басқа ұйымдарға қарызды ұсыну		
фьючерстік және форвардты келісімшарттар, опциондар және своптар		
басқа да төлемдер		
негізгі құралдарды сатып алу		
<b>Инвестициялық қызметтен келіп түсетін ақша қаражатының таза сомасы</b>		<b>0</b>
<b>Қаржы қызметінен келіп түсетін ақша қаражатының қозғалысы</b>		
Ақша қаражатының келіп түсуі, барлығы		<b>138 782</b>
соның ішінде:		
басқа да түсімдер		138 782
Ақша қаражатының шығуы, барлығы		<b>168 824</b>
соның ішінде:		
Қарызды өтеу		168 824
<b>Қаржы қызметінен келіп түсетін ақша қаражатының таза сомасы</b>		<b>(30 043)</b>
<b>Ақша қаражатының ұлғаюы</b>		<b>37 639</b>
Есептік кезеңнің басындағы ақша қаражаты және олардың баламасы		11 551
Есептік кезеңнің соңындағы ақша қаражаты және олардың баламасы		49 191

## 5-тарау. Облигациялар шығару туралы мәліметтер

### 21. Облигациялар шығару туралы мәліметтер:

<b>1</b>	<b>Облигациялардың түрі</b>	Қамтамасыз етілмеген индекстелген купондық облигациялар
<b>2</b>	<b>Бір облигацияның номиналдық құны</b>	1 000 (бір мың) теңге
	<b>Егер бір облигацияның номиналдық құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның</b>	Облигациялардың индекстелген номиналды құны — облигациялардың номиналды құнының және теңгенің АҚШ долларына девальвациясы/ревальвациясы қарқыны коэффициентінің көбейтіндісі, аталған

	<b>номиналдық құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі</b>	коэффициент, облигациялардың айналысы басталатын күнге осыған ұқсас бағамға сыйақыны тиісті төлеу/облигацияларды сатып алу/облигацияларды өтеу үшін облигациялар ұстаушыларының тізілімі белгіленетін күнге Қазақстан қор биржасының (KASE) таңғы сауда сессиясының АҚШ долларына қатысты нәтижелері бойынша қалыптасқан, АҚШ долларының теңгеге орташа есептелген бағамының қатынасы ретінде есептеледі. Егер облигациялардың индекстелген номиналды құнын есептеу үшін пайдаланылатын облигациялар ұстаушыларының тізілімін тіркеу күні демалыс немесе мерекелік күнге сәйкес келсе, онда Қазақстан қор биржасының (KASE) таңғы сауда сессиясының АҚШ долларына қатысты нәтижелері бойынша қалыптасқан, АҚШ долларының теңгеге орташа есептелген бағамы мұндай демалыс немесе мерекелік күннің алдындағы соңғы жұмыс күніне белгіленеді.
3	<b>Облигациялардың саны</b>	1 000 000 (бір миллион) дана
4	<b>Облигациялар шығарылымның жалпы көлемі</b>	1 000 000 000 (бір миллиард) теңге
5	<b>Облигациялар бойынша сыйақы:</b>	
	<b>Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі</b>	Сыйақы (купон) мөлшерлемесі облигациялар айналатын барлық мерзім ішінде тұрақты және облигациялардың индекстелген номиналды құнынан жылдық 10% (он пайыз) құрайды.
	<b>Индекстелген облигацияларды шығару кезінде есеп айырысу тәртібі</b>	<p>Бір облигацияның индекстелген номиналды құны оның номиналды құнының және теңгенің АҚШ долларына девальвациясы/ревальвациясы қарқыны коэффициентінің (Kd) көбейтіндісі ретінде есептеледі.</p> <p>Девальвация/ревальвация қарқынының коэффициенті, облигациялардың айналысы басталатын күнге осыған ұқсас бағамға (X<sub>0</sub>) сыйақыны тиісті төлеу/облигацияларды сатып алу/облигацияларды өтеу үшін облигациялар ұстаушыларының тізілімі белгіленетін күнге Қазақстан қор биржасының (KASE) таңғы сауда сессиясының АҚШ долларына қатысты нәтижелері бойынша қалыптасқан, АҚШ долларының теңгеге (X<sub>t</sub>) орташа есептелген бағамының қатынасы ретінде есептеледі:</p> <p><math>(Kd=X_t/X_0)</math>, мұндағы</p> <p>X<sub>t</sub> – облигациялар ұстаушыларының тізілімі белгіленетін күнге АҚШ долларының теңгеге бағамы,</p> <p>X<sub>0</sub> – облигациялардың айналысы басталатын күнге АҚШ долларының теңгеге бағамы.</p>

		<p>Егер облигациялардың индекстелген номиналды құнын есептеу үшін пайдаланылатын облигациялар ұстаушыларының тізілімін тіркеу күні демалыс немесе мерекелік күнге сәйкес келсе, онда Қазақстан қор биржасының (KASE) таңғы сауда сессиясының АҚШ долларына қатысты нәтижелері бойынша қалыптасқан, АҚШ долларының теңгеге орташа есептелген бағамы мұндай демалыс немесе мерекелік күннің алдындағы соңғы жұмыс күніне белгіленеді.</p> <p>Қайталама нарықта облигациялармен мәмілелер жасағанда, жинақталған, бірақ төленбеген купондық сыйақы мөлшері облигациялардың индекстелген номиналды құны негізінде есептеледі, бұл құн облигациялардың номиналды құнының теңгенің АҚШ долларына девальвациясының/ревальвациясының қарқыны коэффициентінің көбейтіндісі ретінде есептеледі, аталған коэффициент, облигациялардың айналысы басталатын күнге осыған ұқсас бағамға мәмілелер жасалатын күнге Қазақстан қор биржасының (KASE) таңғы сауда сессиясының АҚШ долларына қатысты нәтижелері бойынша қалыптасқан, АҚШ долларының теңгеге орташа есептелген бағамының қатынасы ретінде есептеледі.</p>
	<p><b>Облигациялар сыйақысының есептелуі басталатын күні</b></p>	<p>Купондық сыйақының есептелуі басталатын күн айналысы басталатын күн болып табылады.</p>
	<p><b>Сыйақыны төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні</b></p>	<p>Сыйақы төлеу жылына екі рет, әр алты ай сайын, облигация айналысы басталған күннен бастап, Облигациялар айналатын барлық мерзім ішінде жүзеге асырылады</p> <p>Купондық сыйақының соңғы төлемі облигацияларды өтегенде біруақытта жүзеге асырылады.</p>
	<p><b>Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі</b></p>	<p>Облигациялардың сыйақысы олардың айналысы басталған күннен бастап өтелуі басталатын күнге дейін есептеледі. Облигациялар ұстаушыларының ағымдағы шоттарына кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде ақша аудару арқылы облигациялардың купондық сыйақысы теңгемен төленеді.</p> <p>Купондық сыйақыны төлем жүзеге асырылатын кезеңінің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигациялар ұстаушыларының тізілімінде тіркелген тұлғалар алуға құқылы (бұдан әрі – Белгіленген күні).</p> <p>Купондық сыйақы купондық сыйақының индекстелген номиналды құнының және жарты жылдық мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде есептеледі.</p> <p>Егер инвестор Қазақстан Республикасының резидент емес тұлғасы болса, мұндай тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағында теңгеде</p>



		<p>банктік шоты бар болса, купондық сыйақы теңгеде төленеді.</p> <p>Эмитент тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының резидент емес тұлғасы – облигациялар ұстаушыларынан тиісті жазбаша өтініш алғанда, сыйақыны тиісті төлеу үшін облигациялар ұстаушыларының тізілімі белгіленген күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша теңге өзге валютаға айырбасталуы мүмкін. Теңге өзге валютаға инвестордың есебінен айырбасталады.</p>
	<b>Облигациялар бойынша сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі</b>	Сыйақыны (купонды) есептеу үшін Биржаның ішкі қағидасына сәйкес уақытша база 360/30 (жылына үш жүз алпыс күн/айына отыз күн) қолданылады.
<b>6</b>	<b>Номиналды құн валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы</b>	қазақстандық теңге
<b>7</b>	<b>Облигациялар орналастыруды бастау күні және аяқтау күні</b>	<p>Орналастырудың басталатын күні: айналыстың барлық мерзімі ішінде айналыс басталатын күннен бастап.</p> <p>Орналастырудың аяқталатын күні: айналыстың басталатын күнінен бастап 4 (төрт) жыл өткеннен кейін.</p>
<b>8</b>	<b>Облигациялар айналысының басталу күні және облигациялардың айналыс мерзімі</b>	<p>Айналыстың басталатын күні: облигациялардың айналысы “Қазақстан қор биржасы” АҚ ресми тізіміне кіргізілген күннен бастап басталады. Ресми тізімге кіргізілген күні туралы хабарлама Биржаның ресми сайтында (<a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>) орналастырылатын болады.</p> <p>Айналыс мерзімі: айналыс басталған күннен бастап 4 (төрт) жыл.</p>
<b>9</b>	<b>Облигациялар айналысы жоспарланатын нарық</b>	Облигациялар бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында айналатын болады.
<b>10</b>	<b>орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі</b>	Облигацияларды төлеу тәртібі мен шарттары, есептесу тәсілдері сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.
<b>11</b>	<b>Облигацияларды өтеу тәртібі</b>	
	<b>Облигацияларды өтеу күні</b>	Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 4 (төрт) жыл өткеннен кейін облигациялар айналатын соңғы күннен кейінгі 15 күнтізбелік күн ішінде
	<b>Облигацияларды өтеу талаптары мен тәсілі</b>	Белгіленген күнге облигациялар ұстаушыларының тізілімінде тіркелген облигациялар ұстаушыларының ағымдағы шоттарына ақша

		<p>аудару арқылы, облигациялар, облигациялардың индекстелген номиналды құны бойынша теңгеде, облигациялар айналатын соңғы күннен кейінгі күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде соңғы купондық сыйақының біржолғы төлемімен өтеледі.</p> <p>Егер инвестор Қазақстан Республикасының резидент емес тұлғасы болса, мұндай тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағында теңгеде банктік шоты бар болса, купондық сыйақы теңгеде төленеді.</p> <p>Инвестордың Қазақстан Республикасының аумағында теңгеде банктік шоты болмаған жағдайда, Эмитент тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының резидент емес тұлғасы – облигациялар ұстаушыларынан тиісті жазбаша өтініш алғанда, сыйақыны тиісті төлеу және облигацияларды өтеу үшін облигациялар ұстаушыларының тізілімі белгіленген күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша теңге өзге валютаға айырбасталуы мүмкін. Теңге өзге валютаға инвестордың есебінен айырбасталады.</p>
12	<p><b>Осы құқықты сату тәртібін, талаптары мен мерзімдерін көрсете отырып, эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу құқығы (егер осы құқық эмитент органының облигациялар шығару туралы шешімімен көзделген жағдайда), егер эмитент органының шешімімен облигацияларды сатып алу құқығы көзделген болса, онда осы құқықты сату тәртібі, талаптары мен мерзімдері көрсетіледі;</b></p>	<p>Серіктестіктің жалғыз қатысушысының/қатысушылары жалпы жиналысының шешімімен Эмитент ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда өз облигацияларын барлық айналыс мерзімі ішінде сатып алуға құқылы.</p> <p>Эмитент облигацияларды сатып алу бағасын белгілейді:</p> <p>- "Қазақстан қор биржасы" АҚ мәміле жасаған күнге қалыптасқан нарықтық құнға байланысты бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында мәміле жасағанда;</p> <p>- бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында мәміле жасағанда – мәміле тараптарының келісімі бойынша;</p> <p>Эмитенттің облигацияларды сатып алуы облигациялар ұстаушылары құқықтарының бұзылуына алып келмеуі тиіс.</p> <p>Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда сатып алынған облигациялар өтелген болып есептелмейді және Эмитент өзінің сатып алынған облигациялары айналатын барлық мерзім ішінде бағалы қағаздардың нарығында облигацияларды қайта сатуға құқылы.</p> <p>Серіктестіктің жалғыз қатысушысы/қатысушыларының жалпы жиналысы облигацияларды сатып алу туралы шешімді қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні</p>

		<p>ішінде Эмитент, “Қазақстан қор биржасы” АҚ ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік-құқықтық актіде белгіленген тәртіпте Биржаның (<a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>) ресми сайтында және Қаржылық есептілік депозитарийі (<a href="http://www.dfo.kz">www.dfo.kz</a>) сайтында ақпаратты орналастыру арқылы Облигациялардың барлық ұстаушыларын хабардар етеді.</p> <p>Серіктестіктің жалғыз қатысушысы/қатысушыларының жалпы жиналысы облигацияларды сатып алу мерзімдері және тәртібі туралы тиісті шешімді жариялағаннан кейін 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде Эмитент орналастырылған облигацияларды сатып алады.</p> <p>Эмитент орналастырылған облигациялар (сатып алынғандарды шегергенде) туралы ақпаратты “Қазақстан қор биржасы” АҚ қағидасына сәйкес “Қазақстан қор биржасы” АҚ (<a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>) интернет-ресурсында ашып көрсетеді.</p> <p>Серіктестіктің жалғыз қатысушысы/қатысушыларының жалпы жиналысы облигацияларды сатып алу туралы шешімді жариялаған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Облигациялар ұстаушысы өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтінішті Эмитенттің орналасқан мекенжайы бойынша жіберуге құқылы. Серіктестіктің жалғыз қатысушысы/қатысушыларының жалпы жиналысы облигациялар ұстаушысының өтінішін оны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде қарайды.</p>
13	<b>Облигациялар бойынша қамтамасыз ету</b>	Бұл облигациялар қамтамасыз етілгендер болып табылмайды.
14	<b>Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде – концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері</b>	Бұл облигациялар инфрақұрылымды облигациялар болып табылмайды.

22. Облигациялар төлемі облигациялар талаптарының құқықтарымен жүргізілмейді.

23. Бұл облигациялар айырбасталмайды.

24. Облигациялар ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер:

1	<b>Облигациялар ұстаушылар өкілінің толық және қысқаша атауы</b>	«Еуразиялық Капитал» акционерлік қоғамы «Еуразиялық Капитал» АҚ
---	--	--

2	<b>Облигациялар ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондары держателей облигаций</b>	Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Желтоқсан 59 Телефоны: +7 (727) 333 40 20, +7 (727) 333 40 21
3	<b>Эмитенттің облигациялар ұстаушылардың өкілімен жасасқан шартының күні мен нөмірі</b>	2018 жылғы 30 қаңтардағы Қызмет көрсету шарты

## 25. Төлем агенті туралы мәліметтер:

- Төлем агенті көзделмеген. Эмитент купондық сыйақыны және индекстелген номиналды құнын өз бетінше төлейді.

## 26. Облигацияларды қор биржасының ресми тізіміне кіргізу және орналасу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғалар туралы мәліметтер:

1	<b>Толық және қысқартылған атауы</b>	"Фридом Финанс" акционерлік қоғамы "Фридом Финанс" АҚ
2	<b>Орналасқан жерлері, байланыс телефондары</b>	Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 17 үй, "Нұрлы Тау" полифункционалық орталығы, 4Б блок-секция, 17 кабат, №4. Почталық индексі 050059 Телефоны +7 727 311 10 64 +7 727 311 10 65 Факс +7 727 311 10 76 +7 727 237 83 68
3	<b>Шарттың күні мен нөмірі</b>	2018 жылғы 30 қаңтардағы №01/30 қызмет көрсету шарты

## 27. Облигациямен оны ұстаушыға берілетін құқықтар, оның ішінде:

- Облигацияларды еркін сату және өзге де тәсілмен иеліктен шығару;
- Эмитенттің қызметі және оның қаржы жағдайы туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте алу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген облигациялардың меншік құқығынан шығатын өзге де құқықтар.

1	<b>Облигациялар шығару проспектісінде көзделген мерзімде эмитенттен облигацияның номиналды құнын алу не өзге мүліктік баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигацияның номиналды құнынан ол бойынша тіркелген пайыз не облигациялар шығару проспектісінде белгіленген өзге мүліктік құқықтарды алу құқығы</b>	Облигациялардың индекстелген номиналды құнын Облигациялар проспектісінде көзделген тәртіпте және мерзімде алу. Сыйақыны Облигациялар проспектісінде көзделген тәртіпте және мерзімде алу.
2	<b>Осы құқықты іске асыру талаптарын, тәртібі мен мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығару</b>	Эмитент Облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген өз міндеттемелері мен шектеулерді (ковенанттарды) сақтаған кезде, осы шығарылым облигациялары ұстаушыларының

<p><b>проспектісінде көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы</b></p>	<p>Эмитенттен облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуін талап ету құқығы көзделмеген.</p> <p>Эмитент, "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ Заңының 15, 18-4 баптарында көзделген жағдайларда Эмитенттің орналастырылған облигацияларды сатып алу тәртібі" тармақтарында және "Эмитент қолданатын шектеулер (ковенанттар)" Проспектісінің 31 тармағында көзделген шарттарды бұзған жағдайда, облигациялар ұстаушылары өздеріне тиесілі облигациялардың сатып алынуын талап етуге құқылы.</p> <p>1. "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңының 15-бабы 2-тармағына сәйкес, осы облигацияларды шығару проспектісінде белгіленген облигациялар айналымы мерзімі ішінде эмитент мынадай шарттарды сақтауға:</p> <p>1.1. эмитент активтерінің құрамына кіретін мүлікті иеліктен шығару күні эмитент активтерінің жалпы құнының жиырма бес пайызынан асатын сомаға иеліктен шығармауға;</p> <p>1.2. эмитент облигацияларының шығарылымына байланысты емес міндеттемелерді облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күніне аталған эмитент активтерінің жалпы құнының он пайызынан астамын орындамау фактілеріне жол бермеуге;</p> <p>1.3. эмитенттің құрылтай құжаттарына эмитент қызметінің негізгі түрлерін өзгертуді көздейтін өзгерістер енгізбеуге;</p> <p>1.4. ұйымдық-құқықтық нысанын өзгертпеуге міндетті</p> <p>Эмитент "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңының 15-бабы 2-тармағында көзделген шарттарды бұзған жағдайда, жиналған сыйақыны ескере отырып, эмитент облигацияларды ұстаушылардың талаптары бойынша облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен облигацияларды сатып алуға міндетті.</p> <p>2. "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңының 15-бабы 2-тармағына сәйкес, эмитент орналастырылған облигацияларды келесідей жағдайда сатып алуы тиіс:</p> <p>2.1. эмитенттің органы облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдаған;</p> <p>2.2. тізбесі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының ішкі</p>
--	--

құжаттарында айқындалған ақпаратты қор биржасына ұсыну бөлігінде арнайы (листингтік) талаптарды орындамау себебімен қор биржасы эмитент облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдаған;

2.3. эмитент облигацияларды ұстаушылардың бұрынғы өкілімен шартты бұзған немесе оның қолданысын тоқтатқан күннен бастап күнтізбелік отыз күннен асатын мерзімде облигацияларды ұстаушылардың өкілімен шарт жасаспаған жағдайларда жүргізуге тиіс.

"Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңының 18-4 бабы 1-тармағында белгіленген жағдайларда жиналған сыйақыны ескере отырып, эмитент орналастырылған облигацияларды олардың номиналды құнына сәйкес келетін бағамен не қай шамасы үлкен болып табылатындығына қарай облигациялардың әділетті нарықтық бағасымен сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

"Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңының 15 бабы 2 тармағында көрсетілген ковенанттар бұзылған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңының 18-4 бабы 1-тармағында белгіленген жағдайларда Эмитент бұзушылық және (немесе) оқиға басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Биржаның ресми сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) сайтында ақпаратты орналастыру арқылы облигациялар ұстаушыларының назарына аталған бұзушылық пен (немесе) оқиға туралы жеткізеді, соның ішінде:

- Эмитенттің облигацияларын сатып алуға алып келетін оқиғалардың қайсысының орын алғаны туралы ақпарат;

- облигациялар ұстаушыларының өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерін атап өту, соның ішінде Эмитентке облигацияларды сатып алу туралы талап қоюға өтініш білдіру тәртібі мен мерзімдер;

- Эмитенттің шешімімен өзге де ақпарат.

"Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ Заңының 15 бабы 2 тармағында көрсетілген ковенанттар бұзылған жағдайда, сондай-ақ "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ Заңының 18-4 бабы 1 тармағында белгіленген жағдайларда, облигациялар ұстаушысы ұстаушыларды мұндай бұзушылықтар мен (немесе) оқиғалар туралы хабардар еткен күннен бастап 10

(он) күнтізбелік күн ішінде өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы Эмитенттің мекенжайына жазбаша өтініш жіберуге құқылы.

Эмитент, "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ Заңының 15 бабы 2 тармағында көрсетілген, сондай-ақ "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ Заңының 18-4 бабы 1 тармағында белгіленген жағдайларда ковенанттардың бұзушылықтары туралы ұстаушыларды хабардар еткен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде облигациялар ұстаушыларына тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініштерді, облигациялар ұстаушыларын Эмитенттің орналасқан мекенжайы бойынша қабылдайды.

Облигациялар ұстаушысы өтінішті барлық қажет деректемелерді көрсете отырып, еркін түрде беруі тиіс:

Заңды тұлға үшін:

- 1) облигациялар ұстаушысының атауы;
- 2) бизнес – сәйкестендіру нөмірі;
- 3) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік нөмірі, берілген күні және берген орган;
- 4) заңдық мекенжайы және нақты орналасқан жері;
- 5) телефондары;
- 6) банктік деректемелері;
- 7) сатып алынуы тиіс облигациялардың саны мен түрі;

Жеке тұлға үшін:

- 1) облигациялар ұстаушысының тегі, аты және әкесінің аты бар болса;
- 2) жеке сәйкестендіру нөмірі;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және оны берген орган;
- 4) тұрғылықты жері;
- 5) телефондары;
- 6) банктік деректемелері;
- 7) сатып алынуы тиіс облигациялардың саны мен түрі

Серіктестіктің жалғыз қатысушысы/қатысушыларының жалпы жиналысы облигациялар ұстаушысының өтінішін оны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде қарайды.

Эмитент орналастырылған облигацияларды Серіктестіктің жалғыз қатысушысының/қатысушылары жалпы жиналысының шешімі бойынша сатып алады.



		<p>Серіктестіктің жалғыз қатысушысы/қатысушыларының жалпы жиналысы өтініш алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде шешім қабылдайды</p> <p>Серіктестіктің жалғыз қатысушысы/қатысушыларының жалпы жиналысы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде “Қазақстан қор биржасы” АҚ (<a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>) ресми сайтында, сондай-ақ Қаржылық есептілік депозитарийінің (<a href="http://www.dfo.kz">www.dfo.kz</a>) ресми сайтында ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы аталған шешім облигациялар ұстаушыларының назарына жеткізілетін болады.</p> <p>Серіктестіктің жалғыз қатысушысы/қатысушыларының жалпы жиналысы облигацияларды сатып алу мерзімдері мен тәртібі туралы тиісті шешім қабылдаған күннен бастап 40 (қырық) күнтізбелік күн ішінде Эмитент, облигацияларды сатып алады.</p> <p>"Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ Заңының 15 бабы 2 тармағында көрсетілген ковенанттар бұзылған жағдайда, сондай-ақ "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ Заңының 18-4 бабы 1 тармағында белгіленген жағдайлар туындаған кезде облигацияларды сатып алу рәсімі облигациялар ұстаушылары берген өтініштер негізінде ғана өткізілетін болады</p> <p>Сатып алуға өтініш бермеген облигациялар ұстаушылары өздеріне тиесілі облигацияларды Облигациялар шығарылымының осы проспектісінде көрсетілген аталған шығарылым айналысы аяқталғаннан кейін өтеуге құқылы.</p>
3	<p><b>Егер сыйақыны және (немесе) негізгі борышты төлеу облигациялар шығару проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықпен жүргізілетін болса, осы құқықтың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықты бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың, сондай-ақ осы құқықтардың біреуге өтуін іске асыру тәртібінің сипаттамалары</b></p>	<p>Сыйақы өзге де мүліктік құқықтармен төленбейді.</p>

**28. Басталған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер:**

1	<p><b>Басталған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт</b></p>	<p>Дефолт – Эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамауы.</p>
---	--	---

